

**Әйтеке би ауданы Талдысай ЖОББМ қамқоршылық кеңесі отырысының  
хаттамасы  
№3 хаттама**

**Талдысай ауылы**

26. 02. 2024 жыл

Қатысқаны-

Жуламанов Б.А –кеңес төрағасы

Мукашева К.С- хатшы

Кеңес мүшелері:

Сарсенова Р.А

Шынбергенова К.К

Мамбетова Г.Б

Жанибек А.В

Ермухамбетова Д.Н

Итешев М.И

Ерахмет А.

**Қатыспағандар-1.** Калиева А.Н /себепті/

**Шақырылғандар:**

Калинчук А.К –психолог

Ишаулова Г.М –әлеуметтік педагог

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары «қолайсыз отбасында» тәрбиеленуші балалардың бақылануы, әлеуметтік көмектің көрсетілуі.
2. Мектепте буллингтің алдын алу жұмыстарының жүргізілуін бақылау;

Тыңдалды:

**1-ші мәселе бойынша:**

«Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары» мәселесі бойынша тәрбие ісінің орынбасары Мукашева К.С сөз беріледі.

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі- балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып кетсем. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген болатын. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп жатыр. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кеңес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтеді. Кеңес құрамында 11 адам бар. Кеңес төрайымы мектеп директоры.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу және де құқық бұзушылықпен күресуде көмек көрсету мақсатында мектебімізде кезекшілік кестесі мұғалімдер және ата-аналардан құрылғанын мәлім етті. Сонымен бірге, бүгінде мектебімізде 11 спорттық секция бала саны – 231, аудандық спорт мектебінен 2 секция, бала саны -43, пайыздық көрсеткіш 84,9 пайыз қамтылып отырғанын, үйірмелер бойынша мектепте 6 үйірме, бала саны- 73, 3 саз мектебі үйірмесі, бала саны-37, қамтылуы 40,4 пайыз екенін дәлел етті.



Қылмыстың алдын алуын бірден-бір жолы – оқушылардың мектептегі тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Сонымен қатар мектепте оқушылар үшін 7 клуб, дебат, театр, қыздар, ұлдар, әскери-патриоттық клуб/ 215 оқушы тартылатынын айтты.

Бүгінгі күні аудандық ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған оқушы жоқ. Мектепшілік есепте тұрған оқушы жоқ.

Биылғы оқу жылында «қолайсыз отбасында» тәрбиеленуші балалардың жоқ екенін айтты. Әлеуметтік көмектің көрсетілуі бойынша әлеуметтік педагог Ишаулова Г.М. сөз берді. Есебі тыңдалды.

2-мәселе бойынша психолог Калинин А.К. сөз алды.

Буллингтің алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар есебі тыңдалды. Мектепте оқушылар арасында буллинг байқалмағанын мәлім етті. Буллинг туралы ата-аналарға, мектеп мұғалімдеріне, кіші қызметкерлерге, оқушыларға түсінік жұмыстары үнемі жүргізіліп отыратынын айтты.

Сөз сөйлегендер:

Сарсенова Р.А. – аудандық есепте оқушының жоқ екендігіне оң баға берді. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың болмауы оң отбасы тәрбиесі мен мектептің бірлесіп жүргізілген жұмысының жемісі деп ойын білдірді.

Жуламанов Б.А. - оқушылармен алдағы уақытта да түсіндіру жұмыстары жиі жүргізілуін, бұл мәселе назардан тыс қалмауын айтты. Мектептегі оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыру жұмысының жүргізілуі оқушының бос уақытын болдырмауға және қандай да бір спортпен айналысқан оқушының ойы өзгеше болады деген пікірін білдірді.

Шешім етті:

1. «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары» мәселесі бойынша «қолайсыз отбасында» тәрбиеленуші балалардың бақылануы, әлеуметтік көмектің көрсетілуі бойынша жасалып жатқан жұмыстар есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін. Алдағы уақытта да осы жұмыстар назарда болсын.

2. Мектепте буллингтің алдын алу жұмыстарының жүргізілуі назарда болсын.

Кенес төрағасы:


Хатшы:



Жуламанов Б.А.

Мукашева К.С.

Кенес мүшелері:



Сарсенова Р.А.

Шынбергенова К.К.

Мамбетова Г.Б.

Жашибек А.В.

Ермухамбетова Д.Н.

Итешев М.И.

Ерғұмбет А.